

«Қоршаған ортаны жас зерттеушілер» республикалық экологиялық байқауын сырттай өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары оқушылары арасында «Қоршаған ортаны жас зерттеушілер» республикалық экологиялық сырттай байқауын (ары қарай – Байқау) өткізудің ережесі оны өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқауды өткізудің мақсаты – білім беру ұйымдары оқушыларын қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мәселелерін зерттеу бойынша жұмысқа және оқушыларды экологиялық тұрғыда тәрбиелеуге, экологиялық-биологиялық білім беруге және олардың кәсіби өзін-өзі бағдарлауларына септігін тигізетін табиғат қорғау міндеттемелерін шешуге іс жүзінде қатысуға тарту.

Байқаудың міндеттері:

- білім беру ұйымдарының оқушыларға «өз кіші отандарының» қоршаған ортасын зерттеу және сақтау бойынша зерттеу жұмыстарына деген қызығушылықтарын дамыту арқылы экологиялық және адамгершілік тәрбие беру мәселелерін шешуге бағытталған іс-әрекеттерін ширату;

- балаларға қосымша білім берудің педагогикалық тәжірибесіне зерттеу әдісін енгізу;

- табиғи және жасанды экожүйелерді сақтау және зерттеу бойынша іс-әрекетке деген оқушылардың қызығушылықтарын қолдау;

- Қазақстан Республикасы өңірлерінде бар экологиялық мәселелерді анықтау және оларды шешуге оқушылардың іс жүзінде қатысуы;

- білім беру ұйымдары педагогтары мен оқушылары арасында шығармашылық байланыстар орнату және жұмыс тәжірибесімен алмасу.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар құрамын және ұйымдастыру комитетін қалыптастырады.

2. Байқауды өткізудің мерзімдері және тәртібі

5. Байқау 2015 жылдың 27 ақпанынан 13 сәуіріне дейін балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтында сырттай өтеді.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсаттарына және міндеттеріне сай болуы тиіс.

7. Байқау қатысушысының (жөнелтушінің) тегі көрсетілген төлем туралы құжаттың көшірмесі (сканері) байқау жұмыстарымен бірге 2015 жылдың 13 сәуіріне дейін nt_ekotur@mail.ru электронды пошта арқылы жіберіледі. Анықтама телефондары: 8 (7172) 24-93-08.

8. Ұйымдастыру комитетіне 2015 жылдың 13 сәуірінен кейін келіп түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін құжаттар қарастырылмайды.

9. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды.

10. Ұсынылған жұмыстардың мазмұнына Байқаудың ұйымдастырушылары жауап бермейді.

11. Байқау ұйымдастырушылары байқау жұмыстарын баспасөзде және интернет-басылымдарда авторға сілтеме жасай отырып жариялауға құқылы.

12. **Байқауға қатысу үшін 1000 (мың) теңге мөлшерінде жарна енгізіледі.**

Төлем төмендегі реквизиттер бойынша Қазпоштаның және банктердің кез келген бөлімшелерінде жүргізіледі:

Төлем жүргізіледі: «ЦентрКредит Банкі» АҚ, Астана қ.

ЖСК KZ918560000005068448

БСК KСJBKZKX

БСН 990140004733

Кбе 16.

КНП: 859

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлем мақсаты: «Қоршаған ортаны жас зерттеушілер» байқауы.

13. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды анықтау **2015 жылғы 20 сәуірде өтеді.**

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

14. Байқауға 8-17 жас санаттарындағы оқушылар қатыса алады:

Кіші жас санаты: 8-10 жас;

Орта жас санаты: 11-14 жас;

Ересек жас санаты: 15-17 жас.

1. «Агроэкология» (мәдени дақылдарды өсірудің ғылыми негізделген тәсілдері қолданылатын зерттеулер, сондай-ақ ашық және жабық топырақтағы өсімдіктерді қорғаудың агротехникалық, биологиялық, механикалық, физикалық, химиялық және өзге де әдістерін қолданумен байланысты зерттеулер).

2. «Зоология және омыртқалы жануарлар экологиясы» (балықтарды, қосмекенділерді, бауырымен жорғалаушыларды, құстар мен сүтқоректілерді зерттеу; фаунистика және омыртқалылардың түрлі жүйелік топтарының экологиясы; омыртқалы жануарлар жүріс-тұрысын зерттеу).

3. «Зоология және омыртқасыз жануарлар экологиясы» (кұрттарды, моллюскаларды, шаянтәріздестерді, жәндіктерді және өрмекшітәріздестерді зерттеу; фаунистика және омыртқасыздардың түрлі жүйелік топтарының экологиясы; омыртқасыз жануарлар жүріс-тұрысын зерттеу).

4. «Зоомәдениет және ветеринария» (үй жануарларын, сондай-ақ жабайы жануарларды қамауда ұстау және көбейту саласындағы зерттеулер,

жануарлардың ауруларын емдеу және алдын алу; жем-шөп базасын зерттеу; өнім сапасын бағалау; зоотехника мен ветеринарияның гигиеналық және экологиялық аспектісі).

5. «Ботаника және өсімдіктер экологиясы» (жабайы өсімдіктердің, саңырауқұлақтардың және қыналардың биологиялық және экологиялық ерекшеліктерін зерттеу; өсімдіктерді популяциялық зерттеу; флораны және өсімдіктерді зерттеу).

6. «Су экологиясы және гидробиология» (су қоймаларының және су ағындарының тазалығын физикалық және химиялық әдістермен талдау, сондай-ақ судың ластануын бағалау үшін биологиялық әдістерді қолдану; су ластануының адам азғасына әсерін зерттеу).

7. «Әуе бассейнінің экологиясы» (ауаның ластануын физикалық және химиялық әдістермен талдау, сондай-ақ ауа ластануын бағалау үшін биоиндикациялық әдістерді қолдану; ауа ластануының адам азғасына әсерін зерттеу).

8. «Ландшафтық экология және геохимия» (ландшафтың экологиялық жағдайын бағалау; физикалық-географиялық зерттеулер; топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерін зерттеу; топырақтың антропогендік ластануын және оның адам азғасына әсерін талдау).

15. Байқау материалдары талаптарға (1 қосымша) сәйкес рәсімделеді және критерийлерге (2 қосымша) сәйкес бағаланады.

16. Байқау тақырыбына сай емес жұмыстар;

ұжымдық жұмыстар;

мазмұндары тек әдебиеттік мәліметтерге немесе тек түрлі ұйымдар мен ведомстволар ұсынған мәліметтерге негізделген рефераттық жұмыстар;

өткен және ағымдағы жылы ұйымдастырылған республикалық деңгейдегі басқа байқауларда жүлделі орындардың бірін алған жұмыстар байқауға қабылданбайды.

17. «Қоршаған ортаны жас зерттеушілер» байқауы аяқталған соң жеңімпаздардың үздік жұмыстары www.ziyatker.org сайтына орналастырылады.

18. Қатысушы балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтындағы «Жас саяхатшы» туристік-өлкетану бағыттағы клубының қауымдастығына тіркелуі («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тиіс.

19. Интернет желісінен алынған материалды және бөгде материалды қолдануға тыйым салынады. Байқауға ұсынылатын жұмыстарда адамның немесе адамдар тобының абыройын кез келген формада қорлайтын ақпарат, зорлық-зомбылық және қатыгездік бейнеленген суреттер болмауы тиіс.

4. Байқау қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

20. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасының мүшелері әр номинациядағы Байқау жеңімпаздарын анықтайды.

21. Байқау жеңімпаздары тиісті дәрежедегі дипломдармен, олардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Жеңімпаздарға арналған дипломдардың, жетекшілерге арналған алғыс хаттардың және байқауға

қатысушыларға арналған сертификаттардың электронды нұсқалары электронды пошта арқылы жөнелтілетін болады.

1 қосымша

Байқау жұмыстарын ресімдедің талаптары

1. Оқу-зерттеу жұмысында мыналар болуы тиіс:

титулдық бет, онда міндетті түрде көрсетіледі: жұмыс атқарылған білім беру ұйымының атауы, аймақ және елді мекен, жұмыс тақырыбы, автордың тегі, аты, әкесінің аты, сынып, жұмыс жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (толық), жұмыс атқарылған жыл;

жұмыс мазмұнының құрылымында мыналар көрсетілуі тиіс:

кіріспе, онда жұмыстың мақсаты мен міндеттері, мәселенің зерттелу деңгейі нақты көрсетілуі, қысқаша әдебиеттік шолу жасалуы, зерттеудің өзектілігі негізделуі, сондай-ақ зерттеу жүргізілген орын мен мерзім көрсетілуі тиіс, қажет жағдайда зерттеу жүргізілген ауданның физикалық-географиялық сипаттамасы және аумақты шаруашылық тұрғыда қолданудың тәртібі берілуі қажет;

зерттеулер әдістемесі (материал жинау әдістемесінің сипаттамасы, жиналған материалды бастапқы және статистикалық өңдеу әдістері);

зерттеулердің нәтижелері және олардың талдауы (барлық сандық және деректік мәліметтерді, оларды өңдеу нәтижелерінің талдауымен бірге көрсету міндетті);

түйіндер, онда алға қойылған міндеттерге сәйкес жұмыс нәтижелерінің қысқаша тұжырымы жазылады;

қорытынды, онда жұмысты орындауға және рәсімдеуге қатысқан тұлғалар аталуы, жұмыстың ары қарайғы келешегі белгіленуі, осы зерттеу жұмысынан туындайтын нақты ұсыныстар көрсетілуі мүмкін;

библиографиялық тізім жасау ережелеріне сәйкес рәсімделген пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Жұмыс мәтінінде пайдаланылған әдебиет көздеріне сілтемелер болуы тиіс.

2. Қосымшаларда деректік және сандық мәліметтер, суреттер, диаграммалар, кестелер, карталар, фотосуреттер және т.б. болады.

3. Барлық қосымшаларға тақырып қойылып, сілтемелермен қамтылуы тиіс. Картографиялық материал шартты белгілерге және масштабқа ие болуы тиіс.

Жұмыс мәтіні компьютерде терілуі (14 шрифт) тиіс. Жұмыс көлемі 15 беттен аспайды.

Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері

1. Мақсаты мен міндеттерін белгілеу, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу.
2. Әдістеме таңдаудың негізділігі.
3. Жиналған материалдың жеткіліктілігі.
4. Материалды зерттеу және зерделеу тереңдігі, әдебиеттің қолданылуы.
5. Тәжірибелік маңыздылығы.
6. Түйіндердің маңыздылығы мен негізділігі.
7. Ресімдеу сапасы.